

VI "Мәдениеттер тоғысындағы тіл,
әдебиет, аударма және журналистика
мәселелері" атты халықаралық
ғылыми-практикалық конференция




ICBCB

2014 International Conference
Building Cultural Bridges



**TOM I
VOLUME I**



April 24-26, 2014

сипаты	184
11. Насырова Ә., Муратова А. - Медициналық терминдердің жасалу жолдары	188
12. Жұматаева С. МА - «Елу», «алпыс», «жетпіс», «сексен», «токсан» сөздерінің этимологиясы және осы сөздермен қалыптасқан тұрақты тіркестер	193
13. Фазылжанова А. - Казахская лингвистика: проблемы, тенденции и перспективы развития	197
14. Шахина С. - Кәсіби мәтіндерді түзу және тіл ұстарту жұмыстарын түрлендіріп оқыту мәселелері	204
15. Омарова Б. - Сілтеу есімдігі қатысты етістікті сөз тіркестері	211
16. Омарова Б. - Кәсіби бағдарлы қазақ тілін оқытуда іскерлік ойындарды пайдалану	216
17. Ахметбек Г. - «Қазақ және қытай ғаламтор тіліндегі жаңа үрдістер»	220
18. Аманбаева А. - М.Мақатаев өлеңдеріндегі ұйқас түрлерінің интонациялық ерекшеліктері	224
19. Қаршығаева А. - Жалаң және құранды дауыстылардың артикуляциялық моделі	229
20. Soltanbeckova G., Mussina M. - Means of expression in the advertising text	234
21. Хасен Б. - Кейбір алтай тілдерінің сөзжасам жүйесіндегі ортақтық	240
22. Өтемісова Г. - Көнерген аталымдардың қайта жаңғыруы	249
23. Гайнуллина Н. - О художественных элементах в деловой письменности Петровской эпохи	254
24. Нұрманова Г. - Тыңдалым материалдарын сұрыптау жолдары	261
25. Турарова Қ. - Тілді үйренудегі лингводидактикалық тестілердің негізі мақсаты	264
26. Акимбекова Г. - Қазіргі жастардың сөйлеу тіліндегі жарымжан сөздер	270
27. Дүйсебекова Ж. - Қазақ және түрік тілдеріндегі антропонимдердің ерекшеліктері	274

III секция- МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, КЕЛЕШЕГІ

1. Нуралиев А. - К вопросу казахско – таджикских литературных контактов	280
2. Әбдиманұлы Ә. - Ж. Аймауытов романдарындағы тәуелсіздік идеясы	285
3. Хұаң Ж. - Түбірлі мотив және туынды мотив қазақ ғашықтық эпостарының негізінде	297
4. Зинов Б., Қабилұлы Ф. - Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» және қазақ әдебиеті мәселелері	301
5. Чи Ш. - On Modern Transformation of Chinese Kazakh Literature in the 20th Century	306
6. Халид Х. - Научный сотрудник Института Литературы имени Низами НАН Азербайджана, писатель-исследователь. Поэма «Привет Гейдар-Бабе» М.Шахрияра в иракской туркменской литературе	307
7. Жеменей И., Жеменей А. - Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих-и-Рашиди» еңбегіндегі «қазақ» сөзінің әдеби, тарихи негіздері	315
8. Оспанқарыұлы Ә. - Қытайдағы қазақ әдеби сынының тарихын дәуірлеудің түйіндері	320
9. Дәрібайұлы С. - Екіншілік жөніндегі фольклор	327
10. Ысқақұлы С. - Таңжарықтың түрме тақырыбындағы толғаулары туралы	333
11. Айтбаева А. - Қазіргі қазақ романдарындағы әйелдердің психологиялық портреті	341
12. Жанбердиева Ұ. - Т.Ізтілеуұлының шығармаларындағы ұлттық және әдеби-мәдени байланыстар	346
13. Молотова Г. - Историзм пословиц-поговорок	350
14. Еркінбаев Ұ. Омар М. - Основы теоретической поэтики в «Теории словесности» А. Байтұрсынова	354
15. Ментебаева А. - Қазіргі проза үлгілерінің көркемдік ерекшелігі	366
16. Молотова Г., Молотова Э. - Роль перевода в развитии уйгурской литературы	371
17. Керімбекова Б. - Әдебиет сабағында поэзиялық шығармаларды оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері	375
18. Тебегенова А. - Жамбыл Жабаевтың шығармашылық тұлғасы – суырып салмалық (импровизациялық) өнер құдіретінің көрінісі	380
19. Сапарбасва Қ. - Әбілда Тәжібаев естеліктеріндегі Мұхтар Әуезов бейнесі	386

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ЖАРЫМЖАН СӨЗДЕР

Акимбекова Гүлзира Шардарбековна

Халықаралық Бизнес Академиясы, ф.ғ.к., доцент, 050060, Алматы қ., Қазақстан.

В статье рассматривается культура речи и некоторые особенности языка молодежи.

In this article speech standards and some specifics of youth language considered

Кілтсөздер: сөйлеу тілі; әдеби норма; жаргон; әдеби тіл; тілдің мәнерлілігі; тіл мәдениеті.

Кіріспе

1.1. Қоғамдық өмірде тілдің қатынаспайтын жері болмайды, тілсіз қоғам, қоғамсыз тіл болуы мүмкін емес. Қоғам үшін қызмет ететін тілді халық өзінің қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып, жетілдіріп отырады. Тілдің табиғилығы мен оның даму мәдениеті ұзақ уақыттан бері көтеріліп келе жатқан мәселе, бұл ұлттық таным мен ұлттық сана сезімнің қалыптасуынан келіп шығатын үрдіс екені белгілі. Қазіргі тілдің даму үстіндегі кезі, әрі жаһандануға байланысты тіларалық қарым-қатынастың тереңдей түскен шағында тілге ерекше назар аудару қажет екенін ғалымдарымыз әлдеқашан мойындаған болатын. Қазіргі тіл тазалығы мен оның мәдениетінің дамуын әлеуметтік лингвистикада, психолінгвистикада, когнитивтік лингвистика сияқты тілдің ғылымның өзге ұштасқан салаларымен байланыстыра қарап бағалауымыз қажет.

Тілдің жалпы мәселелері, оның әлеуметтік-қызметтік рөлін анықтаудан, яғни тіл мен оның иесі болып табылатын халықтың қарым-қатынасы мен қоғамдық өмірдегі қызметтерін айқындаумен тікелей байланысты болып келеді. Қазақ тіл білімін зерттеуші ғалымдар осы тұрғыдан алғанда, бағдарламалы түрде іске асырған қазақ тілінің ұлттық әдеби тіл болып, оның деңгейінің кеңеюіне, сөйлеу, жазу мәдениетінің қоғамдық қызметінің барынша артуына, оны жетілдіруге айрықша қызмет етуде. Жалпы әдеби тіл мен ауызекі тілдің арасындағы айырмашылықтар: яғни әдеби тілге қатысты мәселелер түсінікті, ал ауыз әдеби тілі – ауызба-ауыз сөйлеу үстіндегі, баяндама жасаудағы, радио мен телехабарлардағы сөйлеу стилі, әрі ауыз әдеби тіл диалог және шешендік тілі деп екіге бөлінетіндігі туралы ғалымдарымыз айтқан болатын.

Негізгі бөлім

1.2. Диалог үстінде көрінетін сөйлеу тілі – күнделікті тұрмыс-тіршілікте қарым-қатынас пен әсер ету қызметін атқаратын ауызекі әдеби тілінің бір саласы. Ауызекі тіл – ауыз әдеби тілдің бір түрі ол тұрмыста, өндірісте, адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасайтын барлық саласында қолданылады. Ауызекі тілдің басты ерекшеліктері: сөйлеудің алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асады.

Бұның басқа стильдерден ерекшелігі адамдардың сөйлесу барысында тіл мәдениеті талаптарының толығымен сақталмайтындығында, әдеби нормадан тыс сөздер мен сөз тіркестері – варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектілердің кездесуінде, әңгіме тақырыбының тез өзгеруіне байланысты болып келеді. Ғалымдардың пікірінше тілдің дамып, өзгеруіне сөйлеу тілі мен баспасөз тілі әсер етіп отырады, бірақ та олардың тигізер әсері екі басқа болып келеді. Баспасөз халық арасына кең тарап, жалпы халықтық дәрежеге жеткенге дейін тілге ауызекі сөйлеу тілі үлкен әсер етеді.

Тіл мәдениетінің басты бір белгісі – оның тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, баспасөзде және сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер, сөз тіркестері және сөйлем құрылысы жалпы жұртшылыққа бірдей түсінікті әдеби нормада болуын түсінеміз. «Тіл – қыры, сыры көп өте күрделі құбылыс. Халықтар арасында болатын қарым-қатынас арқылы бір тілден екінші тілге сөз ауысуы, жаңа ұғымды білдіретін жаңа сөздер пайда болуы да заңды құбылыс» Маманов И.Е. (1985). Қазақ тіліне осындай қарым-қатынас нәтижесінде бөтен тілдерден ауысқан сөздер баршылық. Солардың арасында тіл мәдениетіне мән бермей кейбір негізгі сөздер мен грамматикалық формалардың қалыпты әдеби нормасын бұзып немесе әдеби тілге қарсы келетін элементтерді пайдаланып, қарапайым түрінде қолданылуы жиі кездеседі.

Сонымен баланың сөйлеу тілінде қандай өзгешелік болмақ?

Өкінішке орай, өндіріс орындары жұмысшыларының тілінде жаргон көп кездеседі. Балалар үшін ересек адамдар беделді болып саналатындығы белгілі. Балалар ата-анасының, мұғалімінің, жасы үлкен достарының әдетіне, көзқарасына, тіліне еліктейді. Негізінен күнделікті сөздер оқушыға қызығушылық тудырмайды, себебі олар оған дағдыланған, үйренген сөздері болып саналады. Оның үстіне жаңа әдеби сөз белгілі үлгілер бойынша жасалады. Бірақ бастысы – бұл дерексіз ұғым, оқушы ұғымында ғылыми терминдермен сөйлеу дегеннің өмірі, әлі де болса алыс сияқты болып көрінеді. Ал жаргон сөздер кездейсоқ, әрі өз уақытында түсінікті. Оған түбірі түсініксіз болса да, олар қарапайым, ерекше айтылады, тез қабылданады. Айталық, мектеп оқушылары арасында айтылатын жаргондар мен арголарды семантикасына қарай шартты түрде былай топтастыруға болады:

1. мектептегі объекті атауларын білдіретін:

мектеп-пюрма, школищина, дом страха, школя; мұғалімдер кабинеті – сезо, там, СИЗО, шалаш, сбор; асхана-столовка; дискотека - диско, дискач; расслабуха, тусо; кітапхана - книжная, гора книг, тишина; оқу залы – самоубиство, читалка; үй – хата; сауық кеші - party, пати, вечериночка, сеть кекса, тусовка.

2. пән мұғалімдерін білдіретін:

директор – дрека, директриса, терьминатор; мұғалім - училка, убицы, учихалка; физика пәнінің мұғалімі – физичка; химия пәнінің мұғалімі – химичка; математика пәнінің мұғалімі – матеша, математичка; орыс тілі пәнінің мұғалімі – русачка, русачок, порусся; шет тілі пәнінің мұғалімі – иностранк; неміс тілі пәнінің мұғалімі – немка; биология пәнінің мұғалімі – биологичка, насикомик; тарих пәнінің мұғалімі – историчка, истеричка; дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі – спортсмен.

3. білімге қойылған бағаны білдіретін:

екі бағасы - пара, двояк, двойбан, получить по шее; үш бағасы - трояк, тройбан, тройшняк, получит по башке; төрт - четвертак, удар, четвертан, погладить; бес - пяток, давать деьги.

4. сабақ үстіндегі жағдайларды білдіретін:

жақсы оқушы - задр, ботан, ботаник, молодец, зубрила, заучка; жаман оқушы – тормоз, ссдой; төменгі сынып оқушылары - малышня, мелкие, малыши, щеглы, началка; сабақ – катарга; емтихан тапсыру - скачать; көшіру - скакать, ксерить, дай сдупо; үзіліс - пирив, дурдом, ура; сабақтан қашу - свалить, смыть, друженько, нискажу, сделать ноги; алдау – лохануть, лактыру; айту – базарить; өсектеу – обмен информации, спеногрыз; тақта – досуля.

5. туыстық атауды білдіретін:

ата-ана - предки, радаки; ата - бува, дедафакер, туза; апа – бабца; ана - мутер, матрëня, маня; әке - фатер, батя; кішкентай бала - пацан, малокосос; кішкентай қыз - щеглупка, малявка, герла; дос қыз – подружайк; дос - фройнд, кент, дружбан, друган; кедей адам - бомж, бич;

еркек - мудила, мужичек; әйел - тёлка, жепшинок; аға - братэлла, брата; әпке - сеструка, чика.

Көптеген сөздер, жастарға нақты, түсінікті, қызықты, әрі бір-бірімен тез тіл табысуға ықпалын тигізіп тұрады. Әйтсе де, ендігі сөздердің бір бөлігін жағдаяттарға қарай халықтың көпшілігі қолданады. Жастар дағдысына қарай бұндай сөздерге өте оңай бейімделеді, әрі ойындарда, ұрыс-төбелестерде сәтті қолданып отырады.

Мысалы; түк те емес - фигня, чепуха; демалыс - хальява; күлкі - угар, трещ; арзан - фуфляк; мас - бухой, в хлам; тақыр бас адам - лысик, бритый, поремщик; жақсы адам - респектный; жаман адам - мамбет, жмот, редиска; бай адам - аллигарх, олигатор, миляпер, мажор; толық адам - пончик, машина; сәнді - гламурный, ручной, кульный, трендовый.

Осындай топтағы сөздердің мазмұнына қатысты синонимдердің көптігіне таң қаласыз. Дегенмен де төбелесте, ұрыста, ойында тіл қашанда байланыссыз, эмоциональды, ал жастардың бұндай қызбалыққа арналған өзіндік сөздік қоры жеткілікті. Бұндай жағдайда оқушы сөздің негізгі мағынасы қайсы екенін көбіне түсіне бермейді, тіпті басқа мағынада, басқа жағдайда да қолдана береді. Содан оқушының қолданысындағы сөздің мағынасы алғашқы, негізгі мәнінен кетеді. Дегенмен, бұл сөздер күн сайын жаңа мағынаға, жаңа мәнге, әрі жаңа мағыналық түрге ие болады. Олар бүгін қызықты, ал ертең ұмытылып, өзінің мәнділігін де жояды. Жаргондар негізінен жастарға арнайы ұрылардың кәсіби сипаты жоғалған, жеңілдетілген деңгейінде келеді. Сол себепті оқушы жаргонның негізгі мағынасын біле бермейді, тек өз сөзінің мазмұнына, өзінің күйзелісіне, өзінің көңіл-күйіне қосып отырады. Сөйтін жалпы жастардың тілі арқылы өзінің сөздік қорын толықтырады. Бұндай құбылысты «блатная музыка» (ұрылар музыкасы, дәлірек айтқанда «ұрылар тілі») дейді. Әйтсе де «блатная музыкадан» балалық сезім байқалып тұрады. Сол күйінде жастар қандай жаргон болсын қолдана береді, сондай-ақ бұлардың сыртқа ұнамсыз құбылыс болып саналатынын да біледі.

Бұндай құбылыспен қалай күресуге болады?

Біз күнделікті мәдениетімізден тыс белгілер мен жағдайларды ескере отырып, оқу орындары мен елдегі мәдениет деңгейін көтеру үшін, барлық шараларды қолданып, «блатной язықты» тілімізден аластатуға немесе тазартуымызға болатын да шығар. Бірақ та оқушының сөзіндегі мұндай құбылыстарға тыйым салынған жолмен шаралар қолдану немесе оңаша қалдырып тәрбиелеу сияқты жолдарды қолдана алмаймыз.

Кез-келген оқу орнының жастары қарым-қатынаста жаргондарды қосып отырады, бірақ жастар көбінесе әдеби тілді қолдану керек деген қажеттілікті сезінбейді, оның мәнерлігін, сөздік байлығын, оның эмоциональдық және логикалық сипатын, тәжірибелік мақсатты қолдану мүмкіндігін қажетсінебейді.

Мәдениетті қоғам тілден бай, мәнерлі, терең мағыналы қызметтерді талап етуде. Ал бұндай қызметтерді әдеби тіл ұзақ тарихи дамулар негізінде ғана орындай алады. Ол тұтастай қоғамның дамуымен бірге дамиды. Осы қоғамда өмір сүру үшін, қызмет ету үшін, дәл осындай қызметтері бар тілді меңгеру қажет. Дегенмен де, оқытушы мағыналы мәтіндердегі сөзге шебер шешендер сөзінің мәнерлігін, тіл байлығын, әрі сол уақытта қоғамның мәдени қабатының тәжірибелік пайдасын ашып көрсетуі керек. Сонда оқушы жаргондардың мағыналық жағынан шектелгендігін ұғынады.

Егер оқытушы біртіндеп жаргонның эстетикалық әлжуаздығы мен дәрежелігін көрсетіп отырса, кейін оның қоғамға деген болымсыз рөлін байқатуға болады. Оқытушы арнайы таңдалып алынған үлгілер бойынша поэтикалық тілдің мәнерлі байлығын, әрі қарым-қатынаста «блатная музыканың» кемшілігін де көрсетуі керек.

Оқушы жастардың жаргоны - бұл негізінен қылмыстық және түрме арголарының «мұрагері». Оның бір бөлігі өзінің мағынасын өзгертіп, оқушы жастардың лексикасындағы

айқындылықты көрсетеді, жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, олар көбінесе баға және емтихан тапсыру жағдайларымен байланысты болып келеді. Мысалы, зат атауларында мыналар: теледидар - телеик, тиви, ящик; ұялы телефон - мобила, труба, сотакан, труба, ширпич; ақша - бавло, проезд; тамақ - жратва, хавчик.

Сөйлеу мәдениеті бойынша оқушылармен жұмыс жүргізу өте тиімді. Жас жеткіншектерге жалпы халықтық лексиканың арготизмдермен ластанып жатқанын түсіндіріп, еліміздегі тіл мәдениетіне байланысты шараларға атсалысуы керек екенін түсіндіру қажет.

Қорытынды

І.З. Атақты ғалым Рабига Сыздық: «Тіл мәдениеті проблемалары отбасы тәрбиесімен, мектептегі оқу ісімен, жалпы әр алуан оқу-тәрбие орындарының нақты жұмыстарымен тығыз байланысты болып келеді. Бұдан да биіктеу қарасақ, тіл мәдениеті ұлттық әдеби тілдің әлеуметтік базасының өзгеріске ұшырауына, өзге тілдерімен арақатынасына да тікелей ұштасып жатады», – дейді Сыздық Р. (2001) немесе «широкое понятие культуры непременно включает в себя то, что называют культурой речевого поведения», – деген екен сөйлеу мәдениетін зерттеуші, ғалым Н.И. Формановская (1993). Ойымызды толықтыру үшін профессор Б.Қ. Момынованың «Тілдің тек қана жазба түрі емес, ауызекі тілдің де жағымсыз қыбылыстарға бой алдыруына, жастар тіліндегі жасандылықтың шексіз көбеюіне, тіл мен сөйленістің техникалық сөздермен қойыртпақталуына қарсы әрекеттердің басын ұйыстыруы – лингвоэкологияның міндеті», – деп айтқан ойлары бүгінгі маңызды мәселелердің бірі болып саналады Момынова Б.Қ. (2005).

Әдебиеттер

Маманов И.Е. Тіл мәдениеті. – Алматы: Білім, 1985. – 18 б.

Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2001. – 229 б.

Формановская Н.И. Культура общения и речевой этикет // Русский язык в школе. – М., – 1993. – №5. – С. 75-79.

Момынова Б.Қ. Сөз және бұқаралық ақпарат құралдары // Ана тілі. 2005. – №51-52. – 29 желтоқсан.